

ОНДҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	ОРИГИНАЛ 044-67/ 18 () 8 беттің 1 беті
«Клинико-практический кафедральный колледж» «Терапия: Алғашқы медициналық көмек» ғылыми үйірмесінің ЕСЕБІ		
Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ жанындағы медицина колледжі		

**«Клинико-практический кафедральный колледж»
 «Терапия: Алғашқы медициналық көмек» ғылыми үйірмесінің
ЕСЕБІ**

Шымкент 2024 ж.

ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Клиникалық пәндер» кафедрасы	044-67/ 18 ()
Ғылыми үйірменің есебі	8 беттің 2 беті

Терапия: Алғашқы медициналық көмек

Тақырыбы: Кардиогенді шок және ЖКС кезіндегі жедел медициналық көмек көрсету

Кардиогенді шок- бұл артериялық гипотензиямен сипатталатын қан айналымының кенеттен бұзылысы, сонымен қатар мүшелер мен тіндердің қанмен қамтамасыз етілуінің кенеттен нашарлауы. Аталғандар мынаған байланысты: жүректің систолалық лақтырысының бұзылуы, шеткегі артериялық қан тамырларының тарылуы, артериовенозды шунттардың ашылуы, тамыршілік коагуляцияның салдарынан қанайналымдың бұзылыстардың дамуы. Шоктың ен басты белгісіне систолалық қан қысымының төмендеуі және оған қоса мүшелер мен тіндер перфузиясының кенеттен нашарлауы жатады. Шокта систолалық артериялық қан қысымы 90 мм. сн .б. төмен.

Кардиогенді шоктың мынадай түрлері бар:

- рефлекторлы кардиогенді шок- ең жедел түрі. Артериады қан қысымы рефлекторлы турде төмендеуіне байланысты. Айқын метаболикалық өзгерістер болмайды. Уақтылы және накты ем қолданылғанда, гемодинамика қалпына келеді.
- шынайы кардиогенді шок- шоктың нағыз және ауыр түрі. Ол айқын гемодинамикалық және метаболикалық бұзылыстармен айқындалады. Науқастарда қан қысымының төмендеуі, микроциркуляциялық бұзылыстар, ацидоз, ДВС-синдром дамиды. Көбінесе уақтылы комплексті емнің өзі нәтижесіз болады.
- ареактивті кардиогенді шок- өте ауыр дамиды. Аталған түрінде гемодинамиканың, метаболизм, микроциркуляцияның, қан ұю жүйесінің, қышқыл-сілтілік қатынастың ауыр және терең өзгерістері болады. Егер қарқында вазопрессорлы ем, глюкокортикоидты терапиядан кейін 30 минут ішінде гемодинамика көрсеткіштері жақсарып не қалпына келмесе, бұл ареактивті шокты көрсетеді. Шоктың бұл түрінде 100% дейін өлімге ұшырайды.
- аритмиялық кардиогенді шок - гемодинамикалық және метаболикалық өзгерістер жүректің ыргағы мен өткізіштігінің бұзылыстарымен қатар жүреді. Болжамы өліеттенну ошагының үлкендігіне және гемодинамикалық және метаболикалық бұзылыстардың дәрежесіне байланысты.

Жедел жәрдем шаралары:

- A. науқастың өкпесінде айқын іркіліс болмаса: аяғын 20°С градусқа көтеріп, жатқызу керек;
- оттегі терапиясы 6-8 л минутына;
 - ангинозды ауыру сезімі мазаласа- толық ауырсыздандыру шарасын жүргізу керек;
 - жүректің жиырылу жиілігін реттеу (ЖСЖ минутына 150 реттеген асатын пароксизмалды тахикардияда-электримпульсті терапия, ал егер минутына 50 кем жедел брадикардия дамыса - электрокардиостимуляция жүргізіледі);
 - 10 000 Б гепаринді көк тамырға егізу;
- B. Өкпесінде айқын іркіліс пен орталық қоқтамырлық қысымның жоғарылаған белгілері анықталмаса:
- 200 мл 0,9% натрий хлориді ертіндісін 10 минут ішінде көк тамырға, АҚҚ, ТЖ, ЖСЖ, өкпе мен жүректің аускультациялық көріністерін бақылау арқылы енгізу;
 - 200 мг дофаминді 400 мл реополиглюкин не 5% глюкоза ертіндісін қоқтамырға тамшылатып енгізу, енгізу жылдамдығын 5 мкг/ (кг мин) - 10-12 тамшыдан АҚҚ қажетті деңгейіне дейін. Егер әсері болмаса- 2-4 мг норадреналин гидротартратын, 5% 400 мл глюкоза ертіндісін к/т тамшылатып енгізу;
- Г. Кардиомонитор, пульсоксиметр арқылы өмірге қажетті функцияларын бақылау;
- Д. Жағдайын қалыпты құйге келтірген соң ауруханага жеткізу.

OÝTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA <small>- 1979 -</small>	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Клиникалық пәндер» кафедрасы		044-67/ 18 ()
Ғылыми үйірменің есебі		8 беттің 3 беті

Негізгі қауіп себептері мен асқынулары:

- анықтау мен ем шарапарының уақытылы басталмауы;
- АҚҚ қалпына келтіре алмау;
- АҚҚ көтерілгенде немесе көк тамырға сұйықтықтарды енгізгенде өкпе ісінуінің дамуы;
- Тахикардия, тахиаритмия, қарыншалық фибрилляция;
- Асистолия;
- Ангинозды ауыру сезімінің қайталалануы;
- Бұйректің жіті жетіспеушілігі.

Кардиологиядағы шұғыл жағдайларда қарқынды ем үшін қолданылатын негізгі дәрі-дәрімектер

ЖИА-ны емдеу үшін қолданылатын көпетеген дәрілердің ішіндегі ең негізгі топ-антиангиналды заттар.

Қазіргі заманғы антиангиналды заттарға:

- нитраттар
- кальций антагонистері
- В-адреноблокаторлар жатады.

Нитраттар

Орташа емдік мөлшерде нитраттар веналарды және басым көшілігінде ірі артерияларды кеңейтеді (алдыңғы және соңғы жүктемені азайту). Нитраттар ірі артериялар мен атеросклерозбен закымдалған артерияларды, коллатералдарды кеңейте отырып, коронарлы қанайналымын және миокардтың ишемияланған аймағындағы оттегінің перфузиясын жақсартады. Сонымен қатар олар шеттік кедергіні төмендету арқылы, коронарлы қанайналымының жан-жакқа тарауына ықпалын тигізіп, миокардтың метаболизмін жақсартады. Нитраттардың тромбоциттерге антиагреганттың әсері де бар. Олар ангинозды ұстама кезінде және стенокардияның алдын-алу ушін де қолданылады.

Клиникалық тәжірибеде нитроглицериннің келесі дәрілік формалары қолданылады:

- инъекцияға арналған ертінділер (изокет, перлинганит, моназид);
- ішуге арналған таблеткалар (нитроглицерин, нитросороит, эринит);
- аэрозольдар (изокет-спрей, нитроминт);
- әсері ұзақ таблеткалар;
- трансдермалды формалар (нитро 2%, депонит-5, депонит-10);

Нитроглицерин 1 және оның туындыларының әртүрлі спастикалық жағдайларда, яғни рефлекторлы стенокардияларды басу үшін қолданылуы әбден мүмкін. Нитроглицерин және оның туындыларын Са антигонистермен, В-адреноблокатормен бірге қолдануға болады.

Кальций антагонистері

Кальций антагонистері тамырға кеңейтуші әсер көрсетеді, сондықтан ЖИА-ны емдеуде, әсіресе вазоспастикалық стенокардияны және гипертониялық ауруды емдеуде кеңінен қолданылады.

Кальцийдің негізгі мөлшері клеткаларға L-каналдары арқылы түседі. Оған канадарға еткізуідің жоғары жылдамдығы және рак ашылу мерзімі тән (баяу канадар). Кальций

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA <i>- 1979 -</i>	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Клиникалық пәндер» кафедрасы	044-67/ 18 ()	
Ғылыми үйірменің есебі		8 беттің 4 беті

антагонистері канал құрылымдарымен байланысып, олардың ашылу мерзімін азайтады. Клеткадағы кальций концентрациясының төмендеуі, актин мен миозин өзара әсер ету дәрежесін азайтып, тамыр қабыргасының тегіс бұлшық еттерінің әлсіреуіне, миокардтың жиырылғыштық қасиетінің төмендеуіне және жүректің өткізгіш жүйесінің тежелуне әкеліп соғады. Кальций антагонистері, оның ішінде әсіресе верапамил антиагрегациялық әсер көрсетеді. Олар улы емес көмірсулық және липидтік алмасуларға жағымсыз әсерін тигізбейді. Кальций антогонистері колданылатын көрсеткіштер: ЖИА-ның барлық түрі, әсіресе вазоспастикалық стенокардия, гипертензияның барлық түрі және олардың қосарлана келуі.

Верапамил (изоптин, финоптин, фаликард) көбінесе физикалық құшпен байланыссыз тұған спонтанды стенокардияда тағайындалады. Және де ол стенокардияның гипертониялық ауру, суправентрикулярлық тахикардия, созылмалы іркілудік жүрек жеткіліксіздігі, созылмалы әкпелік жүрекпен қосарланған түрлерінде колданылады.

Нифедипин (коринфар, кордаfen, кордипин, адат, нифангин т.б.) коронарлы коллатералды кенәтеді, артериялық қысымды төмендетеді, ми қанайналымын жақсартады, сол карыншадағы қысымды азайтады, миокардтың оттегіге мұқтаждығын төмендетеді және коронарлы қанның оттегіге қанығуын жоғарылатады. Оларды қабылдау вазоспастикалық стенокардияда, артериялық гипертонияда, кардиомиопатиада, қанайналым жеткіліксіздігінде көрсетілген. Нифедипинде нитраттармен, В-адреноблокаторлармен бірге шектеусіз беруге болады.

В-адреноблокаторлар

Бұл топтың дәрілік заттары В-адренорецепторлары арқылы байқалатын тек адреналиннің әсерін жояды. Ол рецепторлардың стимуляциясы қаңқа және жүрек бұлшық еттері тамырларының әкпе, құрсақ қуысы тамырларының тарылуын және он хронотропты, миотропты, дромотропты әсерді тудырады (ЖӘЖ және күші жоғарылайды, жүректің өткізгіш жүйесінің қызметі жақсарады).

b1-рецептолары миокардта орналасады, олардың стимуляциясы ырғақтың жиілеуіне, коронарлы артериялардың кенеоіне, жүрек жұмысының күшеюіне, оттегіге мұқтаждықтың жоғарылауына әкеледі.

b2-рецептолары бронхөкпелік тіндерде орналасқан, олардың қозуы бронходилатациялық әсерге алғып келеді.

В-адреноблокаторлар өздерінің фармакологиялық қасиеттері бойынша біртекті емес. Олар өздерінің B1 және B2 рецепторларға әсер етуімен ерекшеленеді. Сонымен бірге, кейбір адреноблокаторлар ынталандыруши симпатомиметикалық әсерге ие, оны жеке, ішкі симпатомиметикалық белсенділік деп атайды (ICB).

В-адреноблокаторлар 5 топқа бөлінеді.

1. Селективті емес- b1 және B2 рецепторларына бірдей сер етеді (пропранолол, надолол, обзидан, сотадил, анаприлин). Олардың ICB жоқ.

2. Селективті емес ICB-і бар; оксепренолол, пиндолол, альпренолол.

3. b1 селективті, ICB-і жоқ: атенолол, метапролол (эгилок) т.б.

4. b1 селективті, ICB-і бар: ацебутол.

5. A-адреноблокаторлық қасиеті бар В-адреноблокаторлар: лабетол, целипролол.

В-адреноблокаторлардың клиникалық әсері негізінен теріс инотропты әсерімен, жүректің қызметін және оттегіге мұқтаждықты төмендетуімен байланысты. Көптеген В-адреноблокаторлар, әсіресе селективті емес ICE-і жоғары жүрек қызметін сиретеді, синусты

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Клиникалық пәндер» кафедрасы	044-67/ 18 ()
Ғылыми үйірменің есебі	8 беттін 5 беті

түйін кызметін тежейді. АВ-қосылуда өткізгіштік баяулайды. ЖИА-ның барлық түрінде өмірге қауіпті аритмиялардың пайда болу қаупі азаяды. В- блокаторларға үйрену синдромы жоқ әсері ұзақ жылдар бойы қолданғанда да сакталады. Кейде "алып тастау" синдромы болуы мүмкін.

В- блокатордың абсолютті қарсы көрсеткіштері: бронхиалды демікple (орташа және ауыр дәрежесі), синус түйіннің әлсіз синдромы, II-III дәрежедегі АВ-блокада, айқын бродикардия, миокардтың жиырылу қызметінің айқын әлсіреуі, декомпенсацияланған қант диабеті, верапамил мен МАО ингибиторлары мен эфир, хлороформ ингаляцияларымен бірге қабылдануы.

Жүректік-өкпелік реанимацияны (ЖӨР) базалық ЖӨР және маманданған ЖӨР деп еki үлкен кезеңге бөлуге болады.

ЖӨР-ны өткізуге көрсеткіштер: қан айналысының тоқтауы және тыныс алудың тоқтауы, агония алды, агоналдық жай-күй, клиникалық өлім. Реанимациялық шараларды колданудан бас тарту немесе оларды тоқтату тек биологиялық өлім нақтыланғанда немесе бұл шараларды мүлдем болашағы жоқ деп танығанда ғана жүзеге асыруға болады.

Биологиялық өлімнің ерте белгілеріне «мысық көзі» симптомы, көздің қасаң қабығының кебуі мен көмескіленуі жатқызылады. Кеш белгілер – мәйіт дақтары мен мәйіттің сіресуі. Мидагы қайтымсыз өзгерістердің қан айналысы тоқтаған сәттен бастап 3-4 мин өткен соң пайда болатынын есте ұстau қажет. Сондықтан реанимациялық шаралардың ерте басталуының мәні өте зор.

Базалық ЖӨР өз бойына үш кезеңді (ABC) жинақтайды:

- Тыныс алу жолдарының өткізгіштігін қамтамасыз ету (A - Airway);
- Жасанды тыныс алуды өткізу B – Breathing;
- Жүректің жанама массажын өткізу C- Circulation.

Мұнда ересек адамдар кенеттен дүниеден өткендегі әрекеттің әмбебап алгоритмі болады.

Негізгі реанимациялық шаралар (базалық ӨЖР):

- жапа шегушінің есінің (санасының) жоқ екеніне көз жеткізу;
- тыныс алу жолдарының өткізгіштігін қалпына келтіру;
- тыныс алуын тексеру;
- өкпені жасанды желдетудің (ӨЖЖ) 2-5-тен тыныс беруін орындау (қажетінше);
- қан айналысының болуын тексеру;
- жүректің жанама массажын, дефибрилляторды/мониторды қосу. Жүрек ырғағын бақылау.



Жүрек қарыншаларының фибрилляциялары немесе тамыр согысының тахикардия жағдайында:

- дефибрилляцияға талпыныс жасау (3-ке дейін талпыныс).
- ЖӨР-ны 1 минут бойына қалпына келтіру және қайтадан ыргақты бағалау.
- дефибрилляция талпынысын қайталу.
- ықпал болмағанда маманданған ЖӨР-ны бастау.

Сонымен А кезеңінде жапа шегушіні шалқасынан қатты тегіс жерге жатқызады. Аузынан бөгде заттарды саусаққа орамал байлап алады. Одан соң Сафардың ұштік амалын орындайды: басын шалқайтады, астыңғы жақты алға шығарады және аузын сәл ашады.

В кезеңінде арнайы жабдық болмағанда «ауызben ауызға» тыныс алдыру ықпалды.

С кезеңінде жапа шегушінің өкпесіне 2-3 рет ауаны қарқынды үрлең, кардиалды алды сокқы жасайды. Бұл жүректің қайта «жұмыс істеп кетуіне» жеткілікті. Одан соң қеуде клеткасын минутына 100, 4-5 см терендікте компрессиялық қысады бастау қажет. Компрессияның тыныс алуға қатынасының 30:2 болғаны жөн (яғни 30 компрессиядан соң 2 үрлеу).



Естен тану кезіндегі алғашқы комек

Естен тану – себебі аса ауқымды болмаса да, бұл қалыптан тыс әрі аландауга тұрарлық жайт. Егер адам тыныс алмаса немесе оның тамыр согысы байқалмаса, онда тез арада жедел жәрдемге хабарласу керек. Егер науқас тыныс алып жатса, онда оны ыңғайлы жерге жатқызып, есін жинауга көмектесініз.

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Клиническая кафедра» кафедры Фылыми үйірменің есебі	044-67/ 18 () 8 беттің 7 беті

Қалай көмектесу керек:

егер адамның басы айналса, онда оны қолтықтап, ол құлап кетпей тұрып ақырын еденге түсіріңіз;
 кез келген тар киімді босатыңыз;
 аяғын көтеріңіз – бұл қан қысымын көтеріп, аяқтағы бас қантамырлардан жүрекке қарай қан ағысын бәсендетеңіз;
 маңдайына салқын шұберек қойыңыз;
 науқас толық сауықпайынша орнынан тұрмаудың қадағалаңыз.
 Науқас жылдам өз-өзіне келуі мүмкін. Бірақ ол ақырын отыра алатынын сезбейінше жата тұрғаны дұрыс. Егер әлі де әлсіздік сезіп тұrsa, оны қайтадан жатқызыңыз. Науқастан бұл оның бірінші рет естен тануы ма, жоқ па, сұраңыз. Егер бұл жағдай бірнеше рет қайталанған болса, оған дәрігерге қаралуға кеңес беріңіз.

Естен тануды емдеу
 Естен танып қалатын адамды тиімді емдеу үшін оның талып қалу себептерін анықтау қажет.

Диагностика

Талып қалу себептерін анықтау үшін көптеген тексерулер мен зерттеулер қолданылады:

науқастын бұрынғы сырқаты – адамның бұған дейін қандай сырқатқа тап болғаны және қандай аурумен ауырғанын анықтау арқылы талып қалу себептерін табуға болады.
 Науқастың естен тануы кезінде жанында болған адамдар да бұл жағдайдың не себепті болғанын айттып беру арқылы маңызды фактілерді анықтауга ықпал етеді;

толық тексеру – дәрігер талып қалу себебін анықтау үшін симптомдарды іздейді;
 жүрек мониторингі – жүрек ыргағының бұзылуы бірсесе пайда болып, бірсесе жоғалып кетуі мүмкін және бұл тексеру кезінде анықтала бермейді. Холтеровский мониторы арқылы жүректі тексеру кезінде осы аппараттың 24 немесе 48 сағат немесе 30 күндеріңі жазбасын зерттеу арқылы естен тану себебі белгілі болады.

электрокардиограмма (ЭКГ);
 қан талдауы, глюкоза деңгейін анықтау;
 бүйректі тексеру;
 қалқанша без жұмысын бағалау;
 қиғаш үстел тесті (ортостатикалық реакцияларды анықтау). Бұл әдіс ортостатикалық гипотонияны анықтау үшін және амбулаториялық жағдайда жүргізіледі.
 КТ (компьютерлік томография) немесе МРТ (магнитті-резонанссты томография).
 Көп жағдайда бұл тесттер қалыпты болады. Сондықтан медицина мамандары адамның талып қалуы оның өмірі үшін қауіпті емес деп пайымдайды. Эйтсе де ауруханада немесе амбулаториялық жағдайда қосымша тексеру қажет пе, жоқ па, оны науқас пен дәрігер шешеді.

Заманауи емдеу шаралары

Егер естен тану эпизодтары тез қайтып, адам қалыпты күйіне қайта оралса, онда емдеу шараларын дәрігермен кеңесіп барып анықтаған дұрыс.

Ал егер талып қалу жағдайы тез қайтпаса немесе қайталана берсе, онда науқасты ауруханага жатқызып, ол жүрек мониторына қосылады және оттегімен тамыріші арқылы жабдықталады. Сонымен қатар глюкоза деңгейін тексеру үшін қандағы қант құрамына да сәйкес тексеру жүргізіледі. Жалпы естен тану себептерін емдеу әр науқас үшін жеке-дара тағайындалады. Үй жағдайында талып қалудың алдын алу

Адамның естен тану себептерін анықтау арқылы оның алдын алуға болады. Мысалы, вазовагальді эпизодтар болған науқас отыру немесе жату арқылы естен танудың алдын ала алады.


Ортостатикалық гипотензиясы бар егде жастағы адамдар орнынан тұрганнан кейін бірнеше секунд қозгалмай күтуі керек. Бұл ағзаның қайта қалыпты жұмысқа кірісуі үшін қажет.

Егер естен тану эпизодтарына дәрі-дәрмек әсер етсе, онда оны қабылдау мөлшерін қайта қарастырған дұрыс.

Адам ағзасының сусыздануы салдарынан талып қалу болса, онда тиісті көлемде су ішкен абзал.

№	Үйірменің аты	Жұмыс түрі	Откізілген мерзім	Жаупты оқытушы	Қатысқан студенттердің аты-жөні
1	«Кардиогенді шок және ЖКС кезіндегі жедел медициналық көмек көрсету»		09.10.2023ж	Тіленіш Ж.У.	ОСҚ 9-01-21 Байназар Қ. Бейсалов И.
2	«Жүрек ырғагы мен өткізгіштігінің бұзылысы кезіндегі алғашқы көмек»		17.10.2023ж	Елібай Ж.О.	СМІҚ-11.02.22 Азимова Л. Двранова Н. Назирова З. Өтебаева А. Нұжаубай З.
3	«Кенейтілген жүрек-өкпе реанимациясы (Дефибриллятор көмегімен)»		27.10.2023ж	Ералиева М.Е.	СМІҚ-9.02.21 Абдумаликова Ф. Ибрагимова М.
4	«Естен тану кезіндегі көмек»		01.11.2024ж	Сламхан А.Ғ.	СЕІҚ-11.03.22 Жорабек М. Сайранбай Б. Пордабай Ж.

Оқытушылар:



Тіленіш Ж.У.

Сламхан А.Ғ.

Елібай Ж.О.

Ералиева М.Е.

ONTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA <small>- 1979 -</small>	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Клинико-пендер» кафедрасы ғылыми үйірме есебі		72/ 18 () 4 беттің 1 беті

**«Оңтүстік Қазақстан Медицина Академиясы» АҚ жынындағы
медицина колледжі**

**«Клинико-пендер» кафедрасындағы
«Инсульт. Реабилитация. Мейіргерлік күтім»
ғылыми үйірмесінің
2023 - 2024 оку жылына
ЕСЕБІ**

Шымкент, 2024 ж.

ОНДҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Клиникалық пәндер» кафедрасындағы «Инсульт. Реабилитация. Мейіргерлік күтім» ғылыми үйірмесінің 2023 - 2024 оку жылына ЕСЕБІ 	72/ 18 () 4 беттін 2 беті
гылыми үйірме есебі	

**«Клиникалық пәндер» кафедрасындағы
«Инсульт. Реабилитация. Мейіргерлік күтім» ғылыми үйірмесінің
2023 - 2024 оку жылына
ЕСЕБІ**

«Клиникалық пәндер» кафедрасында жоспарға сай қараша айында:
«Инсульт. Реабилитация. Мейіргерлік күтім» тақырыбы бойынша өткізілді.

Оқушыларға жүрек-қан тамырлары аурулары қазіргі қоғамның маңызды медициналық әлеуметтік проблемаларының бірі болып қала береді, бұл олардың аурушандық, өлім-жітім құрылымындағы және біріншілік мүгедектік себебінің жогары ұлесімен түсіндіріледі., пациентке сапалы медициналық көмек, шұғыл медициналық көмек жақсарту мақсатында лекция, слайд ретінде таныстырылды. Ауруханаларда жеке инсульт, реабилитация орталықтардың маңызы, мейіргерлік күтімін жоспарлау, жоспарлауды жүзеге асыру, көрсетілген күтімнің нәтіжесі және психологиялық қолдау студенттерге өткізілді.

Инсульт (лат. *insultus* — сокқы, қыспа талу) — ми ұлпасының закымдалуын, оның қызметтінін, мидағы қан айналысының кенеттеп бұзылуы; осының салдарынан миға қан құйылады, немесе ми тамырлары бітеліп қалады (тромбоз). Инсульттың басты себебі — гипертония ауруы және ми тамырларының атеросклерозы.

Инсульт

Ишемиялық

Ишемиялық инсульт ми кантамырларының тромбозы немесе эмболиясының нәтижесі болып табылады. Жиі ішкі ұйқы артериясының, ортанғы ми немесе негізгі артерияның тромбозы байкалады.

Геморрагиялық

Геморрагиялық инсульт кантамырлардың жарылуы, аневризманың жарылуы немесе вазомоторлы бұзылыстар нәтижесінде дамиды (кантамырлар дистониясы).

ONTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Клиникалық пәндер» кафедрасы ғылыми үйірме есебі	72/ 18 () 4 беттің 3 беті

Геморрагиялық инсульт кезіндегі мейірбикелік күтім.

Мейірбике дәрігер нұсқауын орындаиды.

Мейірбике науқастың гемодинамикасын бақылайды/ АҚҚ, есін бағалау, пульс, температурасын, диурезін бақылау/

Тыныс алу бұзылғында тыныс алу өткізгіштігін бақылау, кома кезінде құсықтың алдын алу.



Инсульттің бастапқы негізгі белгілері қандай?

Инсульттің бастапқы негізгі белгілері: кол, аяқ бұлышықеттердің жансыздану, сөздін бұзылысы, бас ауру, жүрістін бұзылысы, есінді жоғалту. Бұл белгілерді елеменеңіз, дәрігерге жүгінуіңіз.

Шұғыл медициналық көмек маңызды мәні болғандықтан инсульттің пайда болуынан кейін қысқа уақыт арқылы емдеу бастаған және диагнозы дұрыс қойылған жағдайда инсультке қарсы кейбір дәрілер көмектеседі.


Бұзылған функцияларды қалпына келтіру үшін инсульттің емдеуі кешенді болу қажет. Ол өзіне көрсетілімдері бойынша дәрі-дәрмек, оперативтік емдеу, әлеуметтік және физикалық оңалтуды қосады. Емдеу барысында әр түрлі мамандар: невролог, нейрохирург, терапевт, кардиолог, хирург, сонымен бірге басқа мамандар: ЕДШК инструкторы, логопед, уқалаушы, психолог, әлеуметтік қызметкер қатысады.

КАК РАСПОЗНАТЬ ИНСУЛЬТ


Запомните простой тест, который поможет его распознать и вовремя вызвать скорую помощь



Человек не может улыбнуться, уголок рта опущен.



Не может поднять обе руки. Одна ослабла.



Не может разборчиво произнести свое имя.

Также симптомами инсульта могут быть:

- внезапная сильная головная боль после любой деятельности или же вообще без каких-либо видимых причин,
- частичное нарушение или полная потеря сознания,
- потеря способности говорить, а также понимать смысл чужой речи,
- сильное головокружение, острое расстройство координации и чувства равновесия.

ЖДАТЬ НЕЛЬЗЯ! Если у человека появились какие-либо из этих симптомов,


03 • 103

Инсультті танып - білуге көмектесетін және уақытылы түрде «жедел жәрдем» шақыруға көмектесетін симптомдар: беттің ассиметриясы; қолдың қенеттен босаңсызы; түсініксіз және анық емес сейлеу.

Жедел жәрдем келгенше не істеу қажет?

- адамды қөлденең жатқызу, мойын иілмес және қанағымы нашарламас үшін бас, иығы жастық үстінде болуы тиіс;
 - дем алудына кедергі келтіретін киімді ағыту, таза ауаның келуіне қолжетімділік жасау;
 - тіс протездерін алып шығу;
 - егер де адам лоқсыса, басын бүйір жакқа бұрып, құсықтың тыныс алу жолдағына кіруіне және тілдің түсіп кетуіне жол бермеу үшін құсықты алып тастау.
- Инсульттің жедел кезеңінде (аурудың алғашқы 3-4 аптасы) жүзеге асырылатын ерте реабилитацияның мақсаты тәуелсіздікке қол жеткізу бола алмайды, бірақ ол келесі кезенде қажетті нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік беретін негізді құруы керек. Ерте реабилитацияның негізгі мақсаты тұракты патологиялық жүйелердің (контрактуралар, артраптологиялық қозғалыс стереотиптері мен позалары) қалыптасуын болдырмау немесе әсер етудің дәрілік және дәрілік емес әдістерін қолдана отырып, олардың ауырлығын төмендету болып табылады. Қозғалыс жүйесін қалпына келтіру үшін пассивті, белсенді-пассивті терапиялық жаттығулар қолданылады. Жоғарғы және төменгі аяқ-қол бұлшықеттерін күшетуге бағытталған күнделікті әрекеттер инсультпен ауыратын наукастардың денсаулығына он әсерін тигізетіні, олардың өзін-өзі күту қабілетін арттыратыны дәлелденді.

ОНДУСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Клиникалық пәндер» кафедрасы гылыми үйірме есебі	72/ 18 () 4 беттін 5 беті



Кез келген науқас инсульттан кейін, әсіресе төсекке таңылған науқас, ынғайсыздықты, депрессияны бастаң кешіреді және депрессиялық күйде болады. Көбінесе бұл адамның дәрігердің ұсыныстарын орындаудан бас тартуына экеледі. Сондықтан туыстары мен достары науқасқа өзіне сенуге немесе денсаулығының қайтымсыз өзгерістерімен келісуге көмектесуі керек.

Мейірбике күтіміне кіреді:

- 1.Күнделікті гигиеналық процедуралар пациентке жайлыш сезінуге ғана емес, ең бастысы төсек жараларының пайда болу қаупін болдырмайды;
- 2.Науқастың жағдайын үнемі бақылау және қандай да бір мазасыз белгілер пайда болған жағдайда дәрігермен деруей байланыста болу;
3. Процедуралық іс-шаралар, АҚҚ қысымды өлшеу, дәрі-дәрмектерді дәрігер тағайындау бойынша қатаң түрде беру;
- 4.Күлау және жарақат алған науқастарға тұруға, журуге көмектесу.
5. Төсекке таңылған науқастарда төсек жараларының алдын алу: науқастың денесінің қалпын мезгіл-мезгіл өзгерту, оның терісін төсек жараларының баржоғын тексеру.

ОНДУСТИК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA <i>- 1979 -</i> MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Клиникалық пәндер» кафедрасы	72/ 18 ()	
ғылыми үйірме есебі	4 беттің 6 беті	

6. Әсіресе төсекке таңылған науқастар үшін маңызды пневмонияның алдын алу. Дұрыс күтім кеудеге массаж жасауды, тыныс алу жаттығуларын орындауға көмектесу.

7. Тромбоздың алдын алу. Тұыстары науқасқа дәрігер тағайындаған дене жаттығуларын орындауға көмектесуі немесе науқастың оларды жүйелі және дұрыс орындауын қамтамасыз етуі керек. Аяқ-қолдарға арнайы массаж жасау және дәрі-дәрмектерді қабылдау маңызды рөл аткарады.

8. Дұрыс тамақтану. Инсульт ас қорыту жүйесінің бұзылуына әкелді ме, жоқ па, сіз диетаңызды бақылауыңыз керек, өйткені бұл метаболикалық процестерге және иммунитетке әсер етеді. Тек пайдалы тағамдарды дайындаңыз, майлыштың қызығылған тағамдарды қоспаңыз. Науқас өзін-өзі күте алмаса, оған тамақтану үшін ыңғайлы жағдайды қамтамасыз ету керек, оны қасықпен тамақтандырып, тағамды блендермен ұнтақтау керек.

9. Қайталанудың алдын алу. Өкінішке орай, тамырлы апат қайталануы мүмкін, әсіресе науқасқа тиісті көмек көрсетілмесе. Гимнастика, массаж, дәрігердің ұсынымдарын қатаң сақтау және тұрақты тексеру қайталанатын шабуылды болдырмауға көмектеседі. Маңызды аспект - стресстің болмауы. Пациенттер көбінесе өз отбасына ауыртпалық ретінде сезінеді, бұл олардың әл-ауқатына әсер етеді. Науқасты барынша психологиялық жайлышықпен қамтамасыз ету.

«Инсульт. Реабилитация. Мейіргерлік күтім» үйірме құрамындағы білім алушылардың жарияланған мақалалары.

№	Еңбектің аты	Жұмыс түрі	Шықкан басылым	Беттің саны	Авторлардың аты-жөні
1	«Инсульт. Реабилитация. Мейіргерлік күтім»	Теория	Главы 1, 2, 4 написаны Н.П. Базеко и Ю.В. Алексеенко Глава 3 опубликована Всемирной Организацией здравоохранения в 1999 г. как книга «Promoting Independence Following a Stroke» (WHO/DAR/99.2) © World Health Organization 1999 Перевод с английского А.А. Шура	252	Алексеенко Ю.В., Базеко Н. П., Шура А.А.
2	Емдеу іci ЕІК- 9.01.20				Болат А Джантас Ә Ескерова Д Мейірбек Д Мырзабек А Наурызбай Г Рахманкулова У

ONTUSTIK QAZAQSTAN

MEDISINA
AKADEMIASY

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ



SOUTH KAZAKHSTAN

MEDICAL
ACADEMY

АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»

«Клиникалық пәндер» кафедрасы

ғылыми үйірме есебі

72/ 18 ()

4 беттін 7 беті

					Сералиев М Абжан Н Амандақ Н Елубаева А Ермекбай Г Наушабай Н Толен Е Усманова Ш Шәріп М Эрбай Г Кудияр Ә Төреңбай З Төлеңбай Н
--	--	--	--	--	---

Оқытушы:

Өткізілген күн: 06.11.2023г

Ирниязова У.И